

ОӘЖ 336.647

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ
ЖӘНЕ БАҚЫЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ**

Мырзақасым Аида Маратқызы

nngmath@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Жағыпарова А.О.

Есеп комитетінің қызметін тиімді ұйымдастыру және елімізде жүргізіліп жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жағдайында оның үдемелі институционалдық дамуы ұзақ мерзімді мақсаттарды және стратегиялық бағыттарды дұрыс айқындауға байланысты. Әлемдік қауымдастыққа кезең-кезеңімен интеграциялану жағдайында мемлекеттік басқару органдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың қажеттілігі туындауда. Осыған байланысты, ұлттық мүдделерді қорғау мақсатында бюджет қаражатын барынша тиімді басқару, сондай-ақ елдегі қаржылық және атқарушылық тәртіпті күшейту талап етіледі. Есеп комитетінің қызметі заңдылық,

тәуелсіздік, объективтілік, анықтық, ашықтық, құзыреттілік және жариялылық принциптері міндетті түрде сақтала отырып жүзеге асырылады.

Есеп комитеті мыналарды:

-мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында талдауды және зерттеулерді, әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады, мемлекеттік аудит саласында оқыту бағдарламаларын іске асырады;

-мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды;

-мемлекеттік аудиторларға кандидаттардың білімін растау жөніндегі қызметті ұйымдастыруды;

-мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүйесіне кіретін ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның, ішкі аудит қызметтерінің тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруді;

-Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихаттарына тексеру комиссиясының төрағасын тағайындауға ұсыныс енгізуді;


-мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалауды жүзеге асырады

Есеп комитеті Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жоғары органы болып табылады. Есеп комитетінің бақылау қызметі оның түйінді функцияларының бірі ретінде жоспарлау кезеңінен бастап, бақылаудың қорытындысын шығаруға және Есеп комитеті қабылдаған шешімдердің орындалуын мониторингілеуге дейін жүйеленген.

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының аудиторлық қызметінің негізгі нәтижелерін талдау

Рәсімдік сипаттағы 3 843 бұзушылыққа жол берілген, 281,5 млрд. теңгеге бюджет қаражаты мен мемлекет активтері тиімсіз пайдаланылған, 83,1 млрд. теңге тиімсіз жоспарланған, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары - 239,3 млрд. теңге.

млрд.тг




Сурет 1 - Бұзушылықтар құрылымы

Ескерту:[6] дерек көзінен

Аудит нәтижелері бойынша қалпына келтіруге және өтеуге жататын 307,3 млрд. теңгенің ішінен іс жүзінде орындау мерзімдері келгендері бойынша 198,5 млрд. теңге қалпына келтірілді (өтелді) (соның ішінде бюджетке 10,8 млрд. теңге өтелді, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету арқылы 17,8 млрд. теңге қалпына келтірілді, есеп бойынша 169,9 млрд. теңге қалпына келтірілді), бұл 100%-ды құрайды. Аталған көрсеткіш

өткен жылдың деңгейінен 2 еседен астамға көп.

млрд. теңге



Сурет 2 - Қалпына келтірілген және өтелген сомалар

Ескерту:[6]дерек көзінен

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 141 лауазымды (жеке) және 42 заңды тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Тәртіптік жауаптылыққа 253 лауазымды адам тартылды, соның ішінде:

басшылар – 40 (қала әкімі және қала әкімінің орынбасары, бас директор, басқарма төрағасы және орынбасары, АҚ-ның президенті және вице-президенті, ММ басшысы);

орта буын басшылары – 154 (департамент, РМК және олардың филиалдарының директорлары мен директорлардың орынбасарлары, басқарма басшылары, бөлім меңгерушілері, бөлім басшылары, бас бухгалтерлер);

орындаушылар – 59 (мамандар, инженерлер, менеджерлер).


2017 жылғы төртінші тоқсанда Есеп комитеті сомасы 6 783,8 млрд. теңге қаражатты камти отырып, 6 аудиторлық іс-шара жүргізді. Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 505,3 млрд. теңгені, соның ішінде қаржылық бұзушылықтар - 134,7 млрд. теңгені құрады[7].

Республикалық бюджеттің кірістеріне талдау жүргізу

2017 жылы республикалық бюджетке түскен түсімдер 11 517,5 млрд. теңгені немесе 103,0 млрд. теңгеге асыра орындалып, нақтыланған жоспарға шаққанда 100,9%-ды құрады.

Республикалық бюджеттің кірістері 9 691,8 млрд. теңгені құрады, нақтыланған жылдық жоспар 100,9%-ға орындалған немесе 82,8 млрд. теңгеге асыра орындалған.

%



Сурет 3 - 2013-2017 жылдардағы республикалық бюджет кірістерінің құрылымы

Ескерту:[7]дерек көзінен

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін жетілдіру

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қағидаларын, Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын жетілдіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Шет елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен (бұдан әрі - ЖМАО) және олардың халықаралық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл шеңберінде мемлекеттік аудиттің өзекті аспектілері, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, бірлескен іс-шаралар өткізу бойынша тәжірибе және ақпарат алмасу жүзеге асырылады[11].

Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы уәкілетті органдарының 2016 жылы кедендік әкелу баждарын (баламалы қолданылатын өзге де баждарды, салықтар мен алымдарды) есепке жатқызу мен бөлу, оларды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманы сақтауы бойынша бірлескен бақылау іс-шарасының қорытындылары бойынша есепке қол қойылып, Бірлескен бақылау іс-шараларын жүргізу туралы келісім жобасы қаралды.

Есеп комитетінің мемлекеттік аудиторлары Еуразиялық экономикалық одақ бюджетінің 2016 жылы, 2017 жылы орындалуына және 2018 жылға арналған бюджетінің қалыптастырылуына сыртқы аудит (бақылау) (кейіннен, ағымдағы және алдын ала аудит) жүргізуге қатысты.

Мемлекеттік органдарға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігі

Әкімшілердің алдыңғы есепті кезеңде көрсетілген бюджетті жоспарлау және атқару кезіндегі кемшіліктері 2017 жылдың қорытындысы бойынша толықтай жойылмаған. Қол жеткізуге болжанған көрсеткіштерді айқындауда, есептеуде жүйелі проблемалар орын алған. Мемлекеттік орган жұмсаған бюджет қаражаты мен оның алдына қойылған міндеттеріне қол жеткізуінің өзара байланысы бойынша бірыңғай тәсілдер жоқ. Мәлімделген қаржыландыру толық бөлініп, игерілсе де, көптеген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізбеу нәтижесі сақталып отыр[12].

Министрлік 2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында 22 нысаналы индикаторы бар 5 мақсатқа қол жеткізуді жоспарлаған. Стратегиялық мақсаттар мен индикаторларды қаражат көлемі 111 117,4 млн. теңге болатын 19 бюджеттік бағдарлама шеңберінде іске асыру көзделген. Есепті кезеңде түпкілікті нәтижелердің 34 көрсеткішін және тікелей нәтижелердің 106 көрсеткішін орындау жоспарланған.

2017 – 2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарда Министрлік 81 нысаналы индикаторы бар 8 мақсатқа қол жеткізуді жоспарлаған. Стратегиялық мақсаттар мен индикаторларды қаражат көлемінің сомасы 1 118 535,8 млн. теңгені құрайтын 47 бюджеттік бағдарлама шеңберінде іске асыру көзделген. Есепті кезеңде 69 түпкілікті және 262 тікелей нәтиже көрсеткішін орындау жоспарланған. Бөлінген бюджет қаражаты (1 117 856,4 млн. теңге) 99,9%-ға игерілсе де, 8 мақсаттың 5-еуіне (62,5%), 81 нысаналы индикатордың 29-ына (35,8%), 69 түпкілікті нәтиже көрсеткішінің 13-іне (18,8%) және 262 тікелей нәтиже көрсеткішінің 15-іне (5,7%) қол жеткізілмеген. Деректердің кеш жариялануына және 2017 жылға жоспарланған мәндердің болмауына (түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері бойынша) байланысты 81 нысаналы индикатордың 3-еуіне (3,7%), 69 түпкілікті нәтиже көрсеткішінің 12-іне (17,4%) қол жеткізу туралы ақпарат жоқ.

Ұсынымдар

Стратегиялық мақсаттар мен индикаторларға қол жеткізуге бағдарланған бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге салынған қаражаттың ықпалы және оны бағалау әдіснамасын енгізу.

Жергілікті атқарушы органдардың шығыстар базасына қосымша қосылған жалпы сипаттағы трансферттер нысаналы пайдаланылмаған кезде, көрсетілген жағдайларда қаражатты түзету мүмкіндігімен республикалық бюджетке қайтару тетігін әзірлеуді қамтамасыз ету.

Тиімділіктің нысаналы көрсеткіштерін көздейтін елдің ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқару жүйесінің құжаттарына сәйкес Ұлттық скринингтік бағдарламаны іске асырудың және отандық фармацевтикалық нарықты дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін әзірлеу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Заңдар, Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 16-бабы 3) тармақшасын және «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңның 43-бабының 1-тармағы
2. Әділет министрлігі ресми сайты: adilet.zan.kz
3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2017 жылғы жұмысы туралы ақпарат мәліметтері
4. БҒМ-ның ақпараты Есеп комитетіне жодаған негізінде
5. Үкіметтің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы
6. Есеп комитетінің ресми сайты: <http://esep.kz>
7. ҰЭМ статистика комитеті мәліметтері
8. Есеп комитеті жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік аудитінің қорытындылары
9. Қаржы министрлігі ресми сайты: www.minfin.gov.kz
10. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның негізі
11. Инвестициялар және даму министрлігі мәліметтері
12. Есеп комитетінің тексеру комиссияларының ақпараты
13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ақпараты